ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2026 жылғы 16 наурыз №7119-26-00-2/451 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы К.Бекмолдин отыруында ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Elite Project Group» жауапкершілік шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРСЫ ТАЛАП АРЫЗ:
шартты біржақты бұзуын заңсыз деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Рашитова Б.
талап қоюшының өкілі: Спатай И.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі» ММ (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен «Elite Project Group» ЖШС (бұдан әрі – Жауапкер/Өнім беруші) арасында жасалған 2025 жылғы 10 қарашадағы № 101140017586/250267/00 Шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптарына сәйкес соңғысы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа қосымшада көрсетілген шарттарға, талаптарға және бағаға сәйкес ҚҚС-сыз 129 670,24 (жүз жиырма тоғыз мың алты жүз жетпіс теңге жиырма төрт тиын) теңге сомасына желдеткіш 1 дана (бұдан әрі – тауар) жеткізуге міндеттенді.

2025 жылғы 12 қарашада шарт белгіленген тәртіппен ҚР Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелді, тиісінше көрсетілген күннен бастап заңды күшіне енді.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 26.03.2026

Шарттқа сәйкес тауарды жеткізу мерзімі - шартты тіркеу күнінен бастап 20 күнтізбелік күнді құрайды (*өткеннен кейін*).

Тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 02 желтоқсанда аяқталды.

Алайда, жауапкер шартта белгіленген мерзімде тауарды Тапсырыс берушіге жеткізбеген.

Сол себептен талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Қарсы талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Жауапкердің өкілі жолдаған сот кабинет арқылы наразылығында талап арызды мойындамай, талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады, қарсы талап арызды қанағаттандыру сұраған.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкердін өкілі сот отырысында қатысқан жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекісінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

Прокурор талап арызды қанағаттандыру туралы қорытынды берді. Қарсы талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға адал емес қатысушылардың тізілімі мыналардың тізбесі болып табылады: 3) олармен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілер, 4) олармен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған өнім берушілер.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Шарт талаптары бойынша (3.1-тармақтың 1) тармақшасы) Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенді.

«Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі» ММ (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен «Elite Project Group» ЖШС (бұдан әрі – Жауапкер/Өнім беруші) арасында жасалған 2025 жылғы 10 қарашадағы № 101140017586/250267/00 Шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптарына сәйкес соңғысы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шартқа қосымшада көрсетілген шарттарға, талаптарға және бағаға сәйкес ҚҚС-сыз 129 670,24 (жүз жиырма тоғыз мың алты жүз жетпіс теңге жиырма төрт тиын) теңге сомасына Желдеткіш 1 дана (бұдан әрі – тауар) жеткізуге міндеттенді.

2025 жылғы 12 қарашада шарт белгіленген тәртіппен ҚР Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелді, тиісінше көрсетілген күннен бастап заңды күшіне енді.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 26.03.2026

Шарттқа сәйкес тауарды жеткізу мерзімі - шартты тіркеу күнінен бастап 20 күнтізбелік күнді құрайды (*өткеннен кейін*).

Тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 02 желтоқсанда аяқталды.

Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

Шарт 22.12.2025 ж. талапкермен бір жақты бұзылған.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді.

Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімдері кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда шарттың мерзімі өткен әрбір күні үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) ұстап қалатыны (өндіріп алатыны) немесе міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) ұстап қалатыны (өндіріп алатыны) көзделген.

Осылайша, 2025 жылғы 03 желтоқсан – 22 желтоқсан (біржақты шарт бұзылған уақыт) аралығы бойынша шарт бойынша тұрақсыздық айыбының сомасы (мерзімі өткен 20 күн үшін) 1 күн *129,68 теңге есебінен 2593,6 (екі мың бес жүз тоқсан үш теңге алты тиын) теңгені құрады.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларды ескере отырып, шартты біржақты бұзуын заңсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Elite Project Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы - қанағаттандырылсын.

«Elite Project Group» ЖШС сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Elite Project Group» ЖШС-нан мемлекет кірісіне 2 594 (екі мың бес жүз тоқсан төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын және 2 241 (екі мың екі жүз қырық бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 26.03.2026

«Elite Project Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі» мемлекеттік сатып алу шартының біржақты бұзылуын заңсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы-қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж. Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 26.03.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»